

**Педагогикалық әдеп кенесі отырысының
№ 3 хаттамасы**

19 сәуір 2023 жыл

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сактау.
2. «Қазіргі заманғы педагог» пікір талас

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенесінің төрайымы
Жұлдыбаева С.У. сөз алды.**

Тыңдалды:

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы обьектілер болып табылатын окушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан қемектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кенесінің төрайымы
Жұлдыбаева С.У. сөз алды.**

Тыңдалды:

Бәріміз білетіндей, XXI ғасыр – ақпараттық технологияның және ғылымның дамыған заманы. Заман кез келген адамнан әмбебеп болуды талап етеді. Оның ішінде мұғалімдер де заман ағымымен бірге өзгеруі керек.

Мұғалім заман ағымына ілесуі керек: өз жұмысында инновацияларды, әр түрлі әдістерді колданып, материалды еркін менгеруі керек. Негативті мектепке кірерде табалдырықта қалдырып, балаларға мейірімділік пен жылулық сыйлауы тиіс. Қазіргі мұғалім қандай? Ол – шығармашылық қабілеттерді дамытуға жағдай жасай алатын, окушылардың білімді қабылдауға деген құштарлығын дамыта алатын, өз бетінше ойлауға үйрететін, материалды оқыту барысында өз бетінше сұраптар құрастыра алатын, өз білімін толығырақ іске асыра алатын адам. Сонымен қатар пәндерді оқуға деген ынталының арттырып, олардың жеке бейімділігі мен таланттың көтермелейтін тұлға. Қазіргі мұғалім үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүреді, олар «Мектеп окушыларына не үйрету керек?» деген өзекті проблемалық сұрапқа жауап іздеуде. Қазіргі заманауи мұғалім кәсібіне және окушыларға деген сүйіспеншілікті біркітіреді, олар балаларды білім нәрімен сусындастып қана қоймай, сонымен бірге өз окушыларынан да үйрене алатынын маман иелері. Қазіргі заманғы мұғалім әр баланың жан дүниесіндегі ең жақсы қасиеттерді анықтап, балаларды алған білімін ұнатуға ынталандыруы керек, сонда ғана окушылар мектепті бітіргеннен кейін өздерінің қоғамдағы орнын анық түсініп, оның пайдасына жұмыс істей алады.

Қорытындылай келе, қазіргі мұғалім – бұл ең алдымен, шебер мұғалім. Ол өзінің мамандығының басты міндетін жақсы атқарады. Шын мәнінде мұғалім үлкен күшке ие. Қазіргі қоғамда балалар білімнен бұрын, тәлім-тәрбиені қажет етеді. Ол – баламен қатар

жүретін, бірақ қажет болған жағдайда жетекшілік ететін адам. Әлем туралы, қарым-қатынас туралы, түрлі құбылыстар туралы ойларын кеңейтетін, жаңа көкжиектерді ашатын адам. Баланы құрметтейтін және оған өзімен тендей қарайтын адам.

Мұғалімдерге білімді, білікті, ізденімпаз, шебер, жан-жақты, үстамды, мәдениетті, тәрбиелі сияқты сөздер беріліп, әр мұғалім өз пікірін білдірді. Жалпы осы қасиеттерді қазіргі заман педагогы өз бойына сініріп, заман талабына сай жұмыс жасауы қажет.

Кеңес шешімі:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялауда әдептілікті сақтау.
2. Заман талабына сай педагогтар өзін-өзі тәрбиелеу, дамыту.

Кеңес төрайымы:

Жулдыбаева С.У.

Хатшы:

Дүйсенова А.Е.